

«Бекітемін»

ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ директоры

М. Ерманова

«30» _____ 2025 ж.



**Жазғы сауықтыру кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар арасында
консультациялық пункттердің қызметін үздік ұйымдастыруға арналған
«Көңілді жаз!» республикалық байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан (мемлекеттік, жекеменшік) жазғы сауықтыру кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар арасында консультациялық пункттердің қызметін үздік ұйымдастыруға арналған «Көңілді жаз!» республикалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Байқау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ (бұдан әрі – Институт) 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3 **Мақсаты:** консультациялық пункттердің қызметін ұйымдастыру үшін қауіпсіз, жайлы және креативті жағдайлар жасау бойынша озық тәжірибені тарату және жалпылау.

1.4. Міндеттері:

- балалардың қамтылуын, демалысты, сауықтыруды ұйымдастыру бойынша консультациялық пункттер қызметінің нысандары мен мазмұнын жетілдіру;

- консультациялық пункттердің қызметін кеңейту үшін мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық ұжымдарын ынталандыру;

- консультациялық пункттердің жұмысы арқылы балаларда физикалық, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларды, зерттеу әрекетін дамыту.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Байқауды ұйымдастырушылар – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың Білім басқармалары, аудандық, қалалық білім бөлімдері.

2.2. Байқаудың I және II кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу үшін Ережеде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармаларының байланыс телефондары мен электрондық пошталарын көрсету қажет.

2.3. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

1-ші кезең – аудандық (қалалық);

2-ші кезең – облыстық;

3-ші кезең – республикалық.

2.4. Өңірлерде Байқау өткізу туралы хабарландыруды аудандардың, қалалардың білім бөлімдері, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармалары бұқаралық ақпарат құралдарында, Интернет-ресурстарда Байқау басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жариялайды.

2.5. Байқаудың барлық кезеңдерінде материалдарды бағалау үшін Білім басқармасы басшылары бұйрығымен аудан, қала, облыс, республикалық маңызы бар қалалар мен астана (құрамы кемінде 7 адам) деңгейінде байқау комиссиясы құрылады.

2.6. Байқау комиссиясы аудандық, қалалық бөлімнің, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармаларының мамандары, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, білікті педагогтер, әдіскерлер, ата-аналар қоғамдастығының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары және т. б. қатарынан құрылады.

2.7. Байқау комиссиясының мүшелері:

- лайықты үміткерлер болмаған жағдайда, жүлделі орындар бермеуге;
- техникалық ақауларға байланысты (қатысушы тарапынан) ашылмаған бейнематериалдарды қарамауға;

- ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнематериалдарды қарамауға;

- Ережеде көрсетілген мерзімнен (2.9. тармақ) кеш жіберілген бейнематериалдарды қарамауға құқылы.

2.8. Республикалық кезеңнің Байқау комиссиясының қарауына жолданатын материалдар тізімі:

1) облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармаларының **ілеспе хаты**;

2) Байқауға қатысу үшін **өтінім** (осы Ереженің 1-қосымшасы);

3) II кезеңнің қорытындысы бойынша, қатысушылардың жалпы санын көрсете отырып, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармалары комиссиясының **хаттамасы** (сканерленген көшірмесі);

4) ресімдеуге қойылатын талаптарға және бағалау критерийлеріне сәйкес келетін ұзақтығы 3 минуттан аспайтын **бейнематериал**.

2.9. Жазғы сауықтыру кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдардағы консультациялық пункттердің қызметін үздік ұйымдастыруға арналған «Көңілді жаз!» республикалық байқауының материалдары **2025 жылғы «18» тамыздан** кешіктірілмей Институттың i-rrrd2021@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар және шарттары

3.1. Байқаудың III кезеңіне (республикалық) I орын алған (1 жұмыс) мектепке дейінгі ұйым, консультациялық пункті жіберіледі.

3.2. Байқауға мектепке дейінгі ұйым жанындағы консультациялық пунктке баратын мектеп жасына дейінгі балалар (қалауы бойынша және олардың ата-аналары) қатысады.

3.3. Байқауға консультациялық пункттердің жазғы сауықтыру кезеңіне дайындығы бойынша (спорттық, сумен және құммен (сазбен) ойындар үшін алаңдар; массажды жолдар; серуендеу алаңында қауіпсіздікті қамтамасыз ететін және басқа да жасалған жағдайлар) құрастырмалы қалқалар, киіз үй (көлеңкелі шатырлары) қамтылған бейнероликтер жіберуге болады.

3.4. Бейнероликтің басты бетінде: мектепке дейінгі ұйымның атауы; байқаудың атауы; қатысушылар туралы мәліметтер (баланың тегі, аты, жасы) және жауапты педагог туралы (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) көрсету қажет.

3.5. Бейнематериалдың техникалық сипаттамалары:

- түсіру кәсіби және сапалы, бейнекамераны өшірмей және тоқтатпай орындалуы тиіс (нөмірдің басынан аяғына дейін);
- бейнежазба MPEG-4 форматында қабылданады;
- бейнематериалдың ұзақтығы - 3 (үш) минуттан аспауы тиіс.

3.6. Мектеп жасына дейінгі балалармен консультациялық пунктте педагог жұмысының барысы туралы бейнеролик Өтінімде сілтеме орналастыра отырып, YouTube бейне платформасына жүктеледі.

3.7. Байқау кезінде жүргізілген бейнежазбаларға, оларды тарату, сонымен бірге хабар тарату (оның ішінде Интернет желісінде) барлық құқықтар Байқауды ұйымдастырушыларға тиесілі және олар білім беру, әдістемелік мақсаттарда пайдалануы мүмкін.

3.8. Өтінім болашақта Байқауға қатысушылардың осы Ереженің шарттарын толық қабылдайтындығының, Байқау өткізу шеңберінде дербес деректерді өңдеуге келісім беретіндігінің дәлелі болып табылады.

4. Бағалау критерийлері

4.1. Бейнеролик келесідей критерийлер бойынша бағаланады (5 балл):

- жазғы сауықтыру кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдардағы консультациялық пункттердің қызметін ұйымдастыруға креативті тәсіл;
- емдеу-сауықтыру жұмыстары, гигиеналық іс-шаралар кешені;
- қимыл іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру;
- дыбыстық сүйемелдеудің, бейне эффектілердің болуы.

5. Қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау

5.1. Жазғы сауықтыру кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар арасында консультациялық пункттердің қызметін үздік ұйымдастыруға арналған «Көңілді жаз!» республикалық байқауының қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленеді:

- I орын;
- II орын;
- III орын.

5.2. Байқаудың жеңімпаздары (мектепке дейінгі ұйым) «Балаларды ерте дамыту институты» РММ дипломдарымен марапатталады, консультациялық пункттердің қызметіне жауапты педагогтерге алғыс хаттар беріледі.

5.3. Жазғы сауықтыру кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар арасында консультациялық пункттердің қызметін үздік ұйымдастыруға арналған «Көңілді жаз!» республикалық байқауының қорытындылары мен жеңімпаздардың материалдары Институт <http://irrd.kz> сайтында және әлеуметтік желілер парақшасында жарияланады.

Анықтамалар үшін телефон: 8 (7172) 57-46-52

**Жазғы сауықтыру кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар арасында
консультациялық пункттердің қызметін үздік ұйымдастыруға арналған
«Көңілді жаз!» республикалық байқауына
өтінім**

_____ облысынан

Білім беру ұйымының толық атауы толық атауы (МДҰ Жарғысына сәйкес)	
МДҰ басшысының Т. А. Ә.	
Орындаушы аты-жөні, лауазымы	
Байланыс телефоны	
Бейнеролик орналастырылған YouTube платформасындағы сілтеме	